**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы**: «Ақбөбек» МДҰ
**Топ:** «Айгөлек» ортаңғы тобы
**Балалардың жасы:** 3 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі: 19.12-23.12.2022ж**

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балабақшаға келер жолда не көргенін, далада ауа райы қандай болып тұрғанын сұрау. **Д/о: «Тығылған көжекті тап» Шарты:** Балалар шөптер арасына тығылған көжекті табады. Табылған көжектерді көлеміне қарай салыстырады. **(математика негіздері)** | Балалардың көтеріңкі көңіл-күймен келуіне жағдай жасау. **Д/о: « Көленкесін тап» Шарты:** Заттардың көленкесін тауып, беттестіреді. **(құрастыру)** | Арнайы әр балаға сәлемдесу әдісін таңдау. **Д/о: «Моншақтар» Шарты:** Балалар моншақ жинайды. Моншақ түстерін ажыратып атап береді. **(математика негіздері)** | Тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді қалыптастыру. **Д/о: «Қоңжықтар». Шарты:** Заттардың мөлшерін , шамасын салыстыра атайды. **(математика негіздері)** | Балаларға қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға арналған ойындар ұйымдастыру. **Д/о: «Өз үйіңді тап» Шарты:** балалар түсі арқылы заттарды топтастырады. **(құрастыру)** |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Балаларды қабылдау кезінде ата-аналармен баланың жас ерекшелігіне қарай сөздік қорының қалыптасуы туралы әңгімелесу. | Медбике, психологпен бірлескен жұмыс. | Ата –аналармен балалардың тазалығы жөнінде әңгімелесу | Ата-анаға балаларының балабақшадағы достарымен қарым – қатынасы туралы әңгімелесу. | Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы ата-анамен әңгімелесу. |
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимыл -ды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, | **Д/о: «Пазл» Шарты:** Бәйтерек, бүркіт пазылын құрастыру. **(құрастыру)** | **Д/о: «Иә, жоқ» Шарты:** Жыл мезгілдеріне байланысты сұрақтарға иә немесе жоқ деп | **Д/о: «Пішінді құрастыру» Шарты:** Балалардың алдына әр түрлі пішіндер | **Д/о:«Ауа,су,от,жер» Шарты:** «Ауа» дегенде кезде балалар қолдарын жоғары көтереді, | **Д/о: «Тез жауап бер» Шарты:** Балалар шеңберде тұрады, допты кім қағып алады сол бала заттың аты мен түсін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | | жауап береді. **(қоршаған ортамен таныстыру)** | беріледі. Ол пішіндерден суреттегі көрсетілген заттарды құрастырады. Түсі мен пішінін дұрыс ажыратулары керек. **(құрастыру)** | «Су» дегенде қолдарын алға созып жүзеді, «от» дегенде қолдарын былғайды, «Жер» дегенде қолдарын төмен түсіреді. **(қоршаған ортамен таныстыру)** | айтып допты келесі балаға лақтырады. «Жасыл»- жапырақ, «көк»- аспан, «сары»- күн, «қызыл»- гүл т/б. **(математика негіздері, денешынықтыру)** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | Таңғы жаттығу кешені №8 | Таңғы жаттығу кешені №8 | Таңғы жаттығу кешені №8 | Таңғы жаттығу кешені №8 | Таңғы жаттығу кешені №8 |
| **Таңғы ас** | Өз орнын тауып отыру. Ас болсын сөзін айтуды қалыптастыру. | Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды үйрету. | Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру. | Тамақтанған кезінде аузын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. | Балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларын дамыту, тамақтану мәдениетін қалыптастыру. |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **Шаттық шеңбері.** Мына аспан астында Жақсы дос көп табылар Мен де соның бірімін, Сыйлығымды қабыл ал | **«Кірпі» саусақ жаттығу** Момақанмын алайда, Тікенім көп абайла. Кіріп кетсе қолыңа, Өкпелеме жарайма. **(сөйлеуді дамыту)** | **Д/о: «Ненің төлі жоқ?»** **Шарты:** Балалар үстінде тұрған ойыншықтарды мұқият қарап алады.Тәрбиешінің белгісі бойынша көздерін жұмады, сол кезде тәрбиеші үй жануарларын бір төлін тығып тастайды.Тәрбиеші ненің төлі жоқ деп сұрайды?.Балалар жауап беру керек. **(қоршаған ортамен таныстыру)** | **Артикуляциялық жаттығу.** Ю-ю-ю бұл кішкентай аю. Оп-оп-оп бұл әдемі доп. Өз-өз-өз бұл паровоз. Үл-үл-үл өсіп тұрған гүл. **(қазақ тілі)** | Әндер мен тақпақтар және билерді қайталату. **(көркем әдебиет, музыка)** |
| Білім беру ұйымының кестесі | **Музыка** Педагог жоспары | **Дене шынықтыру** Педагог жоспары | **Қазақ тілі** Бұйрық райлы | **Дене шынықтыру** Педагог жоспары | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет | бойынша. | бойынша. | етістіктерді жекелей қолдануға баулу (бар, кел, айт). | бойынша. | |
| | Терезеге қарап қай мезгіл екенін қандай белгілері арқылы тануға болатынын атату. Қар мұз туралы не білетіндерін сұрау. Суреттермен даладағы табиғатты салыстыру. Кітаптардан қыста ойнап жүрген балалардың суретін көрсету. Қар түйіршіктерін нысанға лақтыруға болатынын айтып, доптарды себетке лақтырып ойнау. қағаздарды умаждап қар түйіршіктерін жасату. Оны да себетке дәлдеп лақтыру. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | Қыста қандай ойындар ойнауға болады? Балалардың ойын тыңдау, суреттер арқылы ойын түрлерімен таныстыру. **(сөйлеуді дамыту)** Балалардың қалауы бойынша орталықтарға бөлініп ойын құралдарының суретін салдырту, мүсінін жасату және қағазға жапсырту. **(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру)** | Балалардың қалауы бойынша топтағы қалаған ойыншығын алуына жағдай жасап ойнату Таңдаған ойыншығының **(суретін салу, жапсыру, мүсіндеу)** жұмыстарын орындату<br><br>Үй жануарлары мен жабайы жануарлар ойыншықтарын тамашалау. Қандай ойындар ойнауға болатынын сұрау. Дауыстарынан тану. Еркін ойындар ұйымдастыру. **(сөйлеуді дамыту)** | Дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту ла-ла-ла Арман жақсы бала, қа-қа-қа Бақылдайды бақа. Тіл ұстарту жаттығуын жасату **(сөйлеуді дамыту)**<br><br>Қуыршақтармен ойын. Әлдилеу, тамақтандыру, ұйықтату. Өзінің сүйікті қуыршағының киімін бояу немесе ермексаздан сөмке, әшекей заттар жасауды меңгерту. **(сурет салу, мүсіндеу).** | «Ғажайып қоржын» ішінен бір ойыншықты ұстап сезу, бірақ көрмей атын атау. Қоржындағы ойыншықтарды сипаттауын ұйымдастыру. Қоржыннан алған ойыншықтың сыңарын тапқызу. Сол ойыншыққа байланысты өздеріне ән немесе ертегі құрастыруына ықпал ету. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді | Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы | Табиғи материалдар туралы не білетіндерін сұрау | Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бақылау. | әңгімелесу. | | | |
| **Серуен** | Серуен картотекасы №16 | Серуен картотекасы №17 | Серуен картотекасы №18 | Серуен картотекасы №19 | Серуен картотекасы №20 |
| **Серуеннен оралу** | Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру. | Балалардың саппен топқа оралуы, сапта екі-екіден жүру. | Кім жылы сумен жуынса-өте жақсы сол бала.Кім салқын сумен жуынса –батыр бала ол бала.Ал егерде ол жуынбаса –ештеңе деп аталмайды ол бала. | Балалардың киімдерін ретімен шешінуге дағдыландыру. | Дара жұмыс этикет ережелерін сақтауын қадағалау. |
| **Түскі ас** | Ұқыпты тамақтану дағдыларына асты аздан алып ішуге, ас құралдарын дұрыс қолдануға тәрбиелеу. | Үстелге дұрыс отырып тамақтануға, нан қиқымын жерге түсірмей, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру. | Мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс; әдеп ережесі. | Балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларын дамыту, Өз –өзіне қызмет ету дағдыларын жетілдіру. | Ойын- жаттығу :<br>Ас ішер кезде,<br>Сөйлемейміз, күлмейміз<br>Астан басқа өзгені<br>Ойламаймыз білмейміз |
| **Күндізгі ұйқы** | Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету<br>Баяу музыка тыңдайды | Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету.<br>«Әлди –әлди ұйықтай ғой» | Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау «Шалқан» ертегісін оқып беру | Баяу музыка тыңдайды<br>**(музыка)** | Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту.<br>«Әлди –әлди ұйықтай ғой» |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары** | Балапандар тұрайық<br>Көзімізді ашайық<br>Жан-жаққа біз қарайық<br>Бір күлімдеп ашайық. | Алашадан жүрейік<br>Жүрісті біз түзейік<br>Шымыр болып шынығып<br>Тез-тез басып өсейік | Қолға шарды аламыз,<br>Қатты, қатты үрлейміз.<br>Уф-ф-ф, Уф-ф-ф...<br>Қатты үрленген шарларды<br>Кейде жарып аламыз | Сылдырлайды мөлдір су<br>Мөлдір суға қолың жу<br>Жуынсаң сен әрдайым<br>Аппақ бетің маңдайың | Әдемі жүреміз<br>Шынықсын өкшеміз<br>Түзіліп тұрайық<br>Шаттанып ойнайық |
| **Бесін ас** | мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс; әдеп | Балалардың назарын тағамға аудару. | ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай | Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, | Ас уақытында балаларға тамақты тауысып жеуге нанның қиқымын жерге |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ережесі. | | білуге дағдыландыру. | | тастамауға үйрету. |
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Бүгінгі ойнаған ойындары ұнады ма сұрау. Қар түйіншіктерінің суретін қарындаштармен салу, ермексазбен қар түйіршіктерін жасау. Дайын элементтерден аққала жапсыру. **(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру)** | «Не дәмді?» ертегісін айтып беру, қайталап айту дағдыларын дамыту. Көңілді музыкаға би билеуді үйрету. **(көркем әдебиет, музыка)**<br><br>Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлауына : күндіз-түнде, таңертең-кешке жағдай жасау **(Математика негіздері)**<br><br>Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіру дағдыларын қалыптастыру. Ермексаздан жасалған қар түйіршіктерін біріктіріп қамал жасату. **(Мүсіндеу)** | Балабақша ауласында мекендейтін жануарлар туралы айту, көрсету. **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br><br>«Артығын тап» дидактикалық ойын негізінде геометриялық пішіндерді тану және атауды пысықтау **(Математика негіздері)**<br><br>Еркін ойындар. Құрастыру материалдарымен достық үйшігін жасату. **(құрастыру)** Қ/О «Поезд» **(денешынықтыру)** | Қуыршақ бейнесі бар қағаздың бетіне дайын киімдерді жапсыруды үйрету. **(жапсыру)**<br><br>Әндер мен тақпақтар және билерді қайталату. Жаңа жылдық ертеңгілікке дайындық**(көркем әдебиет, музыка)**<br><br>Құрастыру материалдарынан қуыршаққа үйшік құрастыруды жетілдіру. **(құрастыру)** Еркін ойындар<br><br>Қимылды ойын «Тышқандар мен мысық» **(денешынықтыру)** | Балалардың апта бойы жасаған жұмыстары бойынша еркін әрекеттерді ұйымдастыру. Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу. Фланелеграфта сүйікті ойын құралдарын жапсырту. Ойыншықтарының суретін бояту **(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру)** Еркін ойындар Қ/О «Поезд» |
| Балалармен жеке жұмыс | Айсұлумен жеке жұмыс Д/о:«Не қайда тұрады?» ойыны арқылы тілін, ой-өрісін дамыту. | Ержігітпен жеке жұмыс Д/о: «Кім не жейді?» Логикалық ойлауды, сөйлеуді, талғамды, байланыс құруды және түсіндіре білуді дамыту. | Рабинамен жеке жұмыс: Қыс мезгілінің ерекшелігі? | Нұралимен қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйренеді. | Раяна «Атын атап бер» ойыны арқылы түсті қабылдауды және қолдың ұсақ моторикасын дамытады |
| Серуенге дайындық | Киімдерін | Киімдерін дұрыс кие | Аяқ киімнің оң | Киіміндегі | Балалардың киіну |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | реттілік сактап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. | білуге үйрету. | солын түсіндіру. Серуенге шығу. | олқылықтарды ретке келтіруге баулу. Киімді шкафқа ретімен жинау. | реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды бақылау. |
| Серуен | Қ/о «Торғайлар мен автомобиль» Бүгінгі күннің ерекше сәттері жайында әңгімелесу | Қ/О «Поезд» Кешкі табиғаттың ерекшеліктерін атауды үйрету. | Бүгінгі ауа райына байланысты көңіл күйлері жайлы әңгімелесу Қ/О «Допты дәлдеп лақтыр» | Қ/о «Торғайлар мен автомобиль» Бүгінгі күннің ерекше сәттері жайында әңгімелесу | Білетін тақпақтарын, әндерін қайталап айтуын пысықтау **(көркем әдебиет)** Қ/О Құстардың ұшып келуі» Еркін ойындар. |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Қыс мезгілі бейнеленген кітаптар карауды ұсыну | Баласының қысқы ойындар туралы не білетінін сұрау. | Ата-аналарға балалардың жеке бас гигиенасына назар аудару керектігін ескерту | Ата –аналармен балалардың тазалықтары жайлы әңгімелесу. | Балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу, балаларды тәрбиелеу мен дамытуда ата-ана сұрақтарына жауап беру, кеңес беру |